

Ахмет, Міржақып, Мағжан аталарымыздан іздеп, осынау шуақ шашқан ерекше элитадан рухани қуат алып отырсақ, шіркін! Зиялы адам дегеніміз – жан-жағына нұр шашатын жан иесі екен. «Зия» дейтін сөздің түп-төркіні, мағынасы – Көктен, яғни, Ғарыштан берілетін сәуле, нұр, шуақ һәм жылу мен мейірім.

Түйіндеп айтқанда, осы қасиеттері бойында болған, ойында сақталған Ұлт ұстазының ұлы істерін, мол мұрасын, жалынды публицистің көрнекті көсемсөздерін бүгінгі және келер ұрпаққа барынша насихаттап, толық жеткізуге, дұрыстап түсіндіруге атсалысайық, құрметті қауым!

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. «Қазақ» газеті / Бас редактор Ә.Нысанбаев, құрастырушылар: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 бет.
2. Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 бет.

### **А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕРДІ АЙТЫЛУ МАҚСАТЫНА ҚАРАЙ ТОПТАСТЫРУДАҒЫ КӨЗҚАРАСЫ**

*Жуынтаева З.Н. ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ. Қазақстан*

Сөйлем дегеніміз біршама аяқталған ойды білдіретін синтаксистік категория екені белгілі. Дегенмен, тілімізде сөйлемге түрліше анықтама беріліп жүр. Сөйлем дегеніміз – сөздердің басын құрастырып, біреу айтқан ой. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне бірінің қырын келтіріп, қиындастырады. Қыры келетін сөздер тұрған күйінде алса да, қиындаса алады. Қыры келмейтін сөздерді қиындастыру үшін қырларын өзгертіп қиюын келтіреміз. Мысалы, Елдің малы далада, біткен жаны жалада, көбі жатыр қалада деген сөйлемнің бәрі өзгертіліп тұр, яғни жалғаулар арқылы байланысқан. Сондықтан ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтушының ойын тыңдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады. Сондықтан сөйлемнің жаны – сөздердің басы мағыналы болып құралуы, – дейді А.Байтұрсынов [1, 124].

Қ.Жұбанов: «Сөзбен білдірілген ой аяқталған түгел ой болуы да, аяқталмаған шала ой болуы да мүмкін. Ойды бір сөзбен де, бірнеше сөзбен де түгел білдіруге болады. Қыс. Күн боран. Жердің үстін жапқын қар», – дегенде қыс деген жалғыз сөздің өзі де түгел бір ойды білдіріп тұр [2, 114].

С.Аманжолов: Сөйлем дегеніміз – сөз таптарының, тұлғалардың, яғни сөйлем мүшелерінің қарым-қатынасын көрсететін, сөйтіп барып, тиянақты ойды білдіретін категория [3, 163] деген пікір білдіреді.

«Тиянақты бір ойды білдіретін сөздердің тобын сөйлем» – дейді. Негізінде, бұл дұрыс, бірақ өте жалпыланып айтылған. Осы тәрізді бұған дейін тілімізде сөйлемге беріліп келе жатқан анықтамаларға жаңаша көзқарастар пайда болды. Бұл анықтамалардың кемшілігі: анализ жақтарын кіргізбеген. Сөздердің тобы деген жеткіліксіз, оны сөздердің қарым-қатынасына, сөздердің грамматикалық байланысына бағындырып беру керек. Сондықтан сөйлем дегеніміз белгілі бір тиянақты ойды білдіретін, өзара қарым-қатынасы бар, өзара грамматикалық байланысы бар сөздер деуіміз керек. Бұл да жеткілікті емес. Сөз бен сөздің қарым-қатынасы дегеніміз жай сөйлемге ғана қатысты, шынында, сөйлем дегеніміз сөйлем мен сөйлемнің (құрмалас сөйлемге, диалогты сөйлемге қатынасты) қарым-қатынасы да енеді.

Сөйлем – сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің, іс пен істің, ой мен ойдың қатынасын көрсетіп, белгілі бір ойды білдіреді десек, сөйлемді дұрыс түсінген болар едік. «Тиянақты ой» дегеніміз относительно нәрсе ғана. Өйткені ойдың қыры көп. Алдыңғы сөйлем мен артқы сөйлем мағына жағынан байланысты. Кейде алғы, кейде артқы сөйлем өздігінен тиянақты болмайды, бірін-бірі толықтырады, кейде екеуінің бірлігі бір я бірнеше сөйлемнің бірлігі бүтін бір ойды тиянақтайды. Олай болса, тиянақтылықтың да шегі бар екендігінде дау жоқ. ...Ой өте кең нәрсе, олай болса, үнемі бір сөйлеммен абсалют тиянақтап қалады деуге болмайды, тек относительно тиянақты дейміз. Өйткені кейбір құрмаластағы, диалогтағы бір сөйлем субъектінің бір жағын ғана көрсетеді [4, 28].

Сөйлемнің аяқталған тиянақты ойды әрдайым білдіре бермейтіндігі қазақ тіл білімінде байқалды. Сондықтан да аяқталған тиянақты ой деген сипаттың алдына «біршама» деген белгісіз мөлшердегі анықтауыш қосылды. Солайша, «сөйлем біршама тиянақты ойды білдіреді» дейтін анықтама қолданылып келеді [4, 27]. Себебі ойды тиянақтап аяқтайтын мәтін болып табылады.

Р.Әмір, Ж.Әмірова: Сөйлем – коммуникативтік тұлға, яғни пікір білдіру үшін, информация беру үшін жұмсалатын тұлға. Сөз, сөз тіркесі өз беттерімен қызмет атқара алмайды.

Жеке сөз де сөз тіркесі тәрізді болып келген конструкциялар да сөйлемге тән грамматикалық форма алып, коммуникативтік тұлға – сөйлемнің сапаға ие бола алады. Осыдан шығатын қорытынды – сөйлем өзіне тән грамматикалық құрылысы бар, грамматикалық формасы бар категория. Сөйлемді сөйлем ететін, сөйлемнің грамматикалық формасын құрайтын мыналар: Сөйлем бір, екі сөзден, тіпті көптеген сөзден де құрала береді. Сөйлем пікірді, яғни болмыстағы заттардың өзара қатынасын білдіру үшін жұмсалады. Бастауыш-баяндауыштың қатынасы предикативтілік деп аталады. Предикативтік қатынас – сөйлемнің негізгі грамматикалық белгісі. Сөздер бірі бастауыш, екіншісі баяндауыш болып предикативтік қатынасқа түскенде ғана сөйлем сапасына ие болады.

Екіншісі – жақтық форма. Пікір алысу әр уақыт үш жақтың қатысуын ескеріп құрылады.

Үшіншісі – рай формалары. Бұл форма айтылған пікірдің болмысқа, шындыққа жанасымдылығын білдіретін форма [5, 53], деп сөйлемге тән белгілерді атап өтеді.

К.Аханов сөйлемге тән мынадай белгілерді көрсетеді:

1.Сөйлем – коммуникативтік қызметімен, яғни шындық болмыстың бір бөлшегі жайында хабар беретін қызметімен сипатталатын синтаксистік единица.

2.Сөздің де, сөз тіркесінің де қызметі номинативтік қызмет болса, сөйлемнің қызметі – коммуникативтік қызмет.

3.Сөйлемнің қырылымдық үлгісі – бастауыш-баяндауыштық үлгі. Бұл – сөйлемге тән құрылым.

4.Сөйлемге тән білгілердің бірі – интонация. Сөйлем тілдік басқа құбылыстардан интонациялық белгісі жағынан да ажыратылады. Түн. Вокзал. Қаптаған жүргіншілер.

5.Сөйлем объективтілік модальдылық категориясы, синтаксистік жақ және рай категорияларымен және осы категорияларды білдіретін құралдардың жүйесімен сипатталады. Тапқан екенсің сенетін адамды! Тыңдар ол сені! Бәйгеге қосқан аты ат-ақ екен! [6, 395]. Тілшілердің пікірлерін саралап қарасақ, сөйлемге тән белгілердің бірі интонация екені белгілі. Олай болса, тілімізде жай сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты деп бөліп жүрміз. Осыған қатысты ғалымдарымыздың көзқарастарын қарастырып көрейік.

А.Байтұрсынов айтылу түрлеріне қарай сөйлемді сұраулы, лепті, тілекті, жай деп төрт түрге бөледі [1,159].

1.Сұраулы сөйлем. Сұраулы сөйлем деліп жауап сұралғанда айтылатын сөйлем аталады. Мысал: Сен тамақ іштің бе? Үйде кім бар? [1,159] деген тәрізді мысалдар береді. Мәселен, «Қазақ грамматикасында» сұраулы сөйлемдерді бір нәрсе туралы хабар алу үшін

қойылған сұрақты білдіретін сөйлемдер деп жазылған. Сондай-ақ сұраулы сөйлемдер сұраулық есімдіктер, сұраулық шылаулар, интонация арқылы жасалады. Сұраулы сөйлемдердің өзіне тән грамматикалық амалдары, диалог үстінде жұмсалыу ерекшелі болады, яғни бұл дегеніміз – сұраулы сөйлемдердің қызмет ерекшелігі. «Қазақ грамматикасында» оларды қызметіне қарай да бөледі. Олардың қатарына негізгі сұрақ, жетек сұрақ, анықтаушы сұрақтарды жатқызуымызға болады [7, 669].

Ал сұраулы сөйлемдердің мағынасына қарай оларды ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, түрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер [5, 55]. Қ.Жұбанов өз еңбегінде сұраулы сөйлемдер сұрау сазда айтылады дейді. Сұрау есімдіктерді, сұрау қосалқыларын сөзге қосып айтсақ та, қоспай айтсақ та, сұрай сөйлесе, сөз сұрау сазымен айтылады. Осы сазбен сөйлегенде сөйлем сұрау сазды атанады. Жазуда мұның соңынан сұрау белгісін қоямыз [2, 218]. М.Балақаев өз еңбегінде: ашық сұрақты білдіретін, қарсы сұрақты білдіретін, күмәнді сұрақты білдіретін, танырқаулы сұрақты білдіретін, риторикалық сұрақты білдіретін сөйлемдер [8, 21-22] деп бөледі, ал Р.Әміров пен Р.Әміровалар өз еңбегінде сұраулы сөйлемнің негізгі үш түрін көрсетеді: 1. Ашық сұрақты білдіретін сөйлемдер; 2. Альтернативтік сұрақты білдіретін сұрақтар; 3. Түрткі сұрақ [5, 59]. Бірінші, ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер сұраққа негіз болып отырған, іздеулі компонент белгісіз болып, сұрақ жалпы, ашық түрде қойылады. Сол себепті іздеулі мүшенің орнына кім, не, қайда, қайдан, қандай, неше, не істеді деген сұрақ мағыналы сөздер жұмсалады. Мысалы: Ал, Несібелі қайда? Ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдерді іштей былай топтастыруымызға болады: субъектінің іздеулі екенін білдіретін сөйлемдер, олар кім, не деген есімдіктердің бастауыш позициясында қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: Кім келді?; предикативтік іс-әрекеттің, сапаның, сынның іздеулі екенін білдіретін сұраулы сөйлемдер, бұл сөйлемдер не істеді, қайтті, кім, не, қандай, неше, қайда деген есімдіктердің баяндауыштық позицияда жұмсалыуы арқылы жасалады. Мысалы: Кеткелі қайда болдыңыз?; іс-қимыл объектісінің іздеулі екенін білдіретін сөйлемдер, бұл сөйлемдер кімді, нені, кімге, кіммен, немен т.б. сұраулы есімдіктердің қатысуымен жасалады. Мысалы: Кімге апардың?; іс-қимылдың сапасының, себебінің, мекен-мезгілінің іздеулі екенін білдіретін сұраулы сөйлемдер қалай, не үшін, неліктен, қашан деген сөздердің пысықтауыш мүше позициясында қатысуы арқылы жасалады. Мысалы: Олар не үшін кетті?; зат сапасының, сынының, санының іздеулі екенін білдіретін сұраулы сөйлемдер қандай, неше, қай деген сөздер анықтауыш позициясында жұмсалыуы арқылы жасалады. Мысалы: Қанша кісі асарға келді? Екінші, альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер баяндауыш мүшенің ба, бе, па, пе, ма, ме шылауларды үстеу арқылы жасалады. Мысалы: Мынау егіс күздік пе, жаздық па? Үшінші, риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер баяндауыштың кері мағынада жұмсалыуы арқылы құрылады. Мысалы: Содан бері бірталай жылдар өтті емес пе? Төртінші, түрткі сұрақты білдіретін сөйлемдердің баяндауышы келер шақ етістік пен ма, ме шылауларының бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: Қалаға барып келесің бе? [7, 668].

Ғалымның сұраулы сөйлемге берген тұжырымы әрі қарай жалғасын тапқан деуге болады.

2. Лепті сөйлем. Лепті сөйлем деліп аталатын адам көңіл күйі, жан жайымен сөйлегенде, мәселен, жан ауырғанда, не кенелгенде, таңданғанда, сұқтанғанда, кейінгенде, есіркегенде, күйінгенде, қуанғанда айтылатын сөйлемдер. Бұлар айтылғанда жай айтылмай, лепті үнмен айтылады. Сондықтан лепті сөйлем деп аталады. Мысал: Уф, алла! Бітті қаным! Шықты жаным! [1,159]. «Қазақ грамматикасында» лепті сөйлемдер туралы былай делінген: «Сөйлемдер дүниедегі болмыс туралы пікірді хабарлап қана қоймай, ол сөйлеушінің болмысқа қатысты туған эмоциясында білдіреді. Сөйлеушінің эмоциясын қоса білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлемдер дейміз» [7, 670]. «Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы» еңбегінде С.Аманжолов лепті сөйлемнің интонация мен екпінге

байланысты екенін айтады. Ғалым лепті сөйлемдерді бұйрық түріндегі лепті сөйлем, үгіт-үндеу түріндегі лепті сөйлем, серт түріндегі лепті сөйлем, тілек-қалау мәніндегі лепті сөйлем, қорқыныш-қуаныш мәндегі лепті сөйлем, реніш-аяныш түрдегі лепті сөйлем, қарсылы-қошемет түріндегі лепті сөйлем, алғыс-қарғыс мәндегі лепті сөйлем, кекеу-мұқау мәндегі лепті сөйлем, шаршау-талықсу мәндегі және арнау (қарату) мәндегі лепті сөйлем деп он бір түрін көрсетеді [3, 172]. С.Аманжолов лепті сөйлемдерді бірнеше түрге бөліп көрсетеді: «Бұйрық түрдегі лепті сөйлем бір адамға немесе біреше адамға бір істі ұзақ, я болмаса қысқа уақыт ішінде орындату үшін қолданылады. Серт түріндегі лепті бір істің белгілі мөлшерде орындалуына лайық ант-уәде бергендікті көрсетеді. Тілек-қалау мәніндегі лепті сөйлемдер қыздыру, қызықтыру, өтініш мағынасында қолданылады. Мұндай астарлы, сырлы сөйлемдер құрмалас сөйлем де, жай сөйлем де болып келеді. Тілек-қалау мәндегі лепті сөйлем көбінде ұранға байланысты. Қорқыныш-қуаныш мәндегі лепті сөйлем – бір нәрседен қорыққанда немесе бір нәрсеге қуанғанда айтылатын лепті сөйлем. Реніш-аяныш мәндегі лепті сөйлем бір іске ренжу, кіжіну, кею, аяу түрінде айтылады. Қарсылық-қошемет түрдегі лепті сөйлем біреуді немесе біреудің ісін қошеметпен қарсы алғанда, сол істің иесін мақтағанда, сол ісіне қарсы болғанда айтылады. Алғыс-қарғыс мәндегі лепті сөйлемдер көбінесе қысқа болып келеді, тіпті бірекі сөзден де тұрады. Кекеу-мұқау мәндегі лепті сөйлемдер де қысқа болып келеді. Шаршау-талықсу мәндегі лепті көбінесе сөйлемдер одағай арқылы жасалады. Арнау (қарату) мәндегі лепті сөйлемдердің аяғы көбінесе есім сөзбен келеді. Бұл лепті сөйлемнің баяндауышы барыс жалғауында тұрады [3, 170]. «Бір нәрсеге таңдана, опына, біреуге өтіне, бұйыра, ашулана, қуана сөйленген немесе хабар өте көтеріңкі я өте басылық көңілмен берілген болса, сөйлем леп сазды болады. Тілек, ұран сөйлемдер де леп сазды сөйлемдерге қосылады» [2, 219]. А.Байтұрсынов пен С.Аманжоловтың, Қ.Жұбановтың лепті сөйлемге берген анықтамасы мен мысалдары бір арнауға тоғысқанын байқай аламыз.

Р.Әмір мен Ж.Әміровалар: «Сөйлеушінің эмоциясын қоса білдіретін сөйлемдерді лепті сөйлем дейміз. Баяндауыштарының формалары: Субъектіге тән сапаны эмоциялы түрде атау үшін айтса айтқандай, мықты десе мықты тәрізді баяндауыштар қызмет етеді. Субъектіге тән іс-әрекетті ерекше екпін түсіріп, тұжырып айтуда алғаным алған, айтатыным, айтамын тәрізді баяндауыштар жұмсалады. Су жаңа дөңгелек осы қалғаны қалған! Эмоциялы баяндауыш сын есім – десеңші, етістік десеңші болып құралады: күшті десеңші, алады десеңші! Эмоциялы лепті сөйлем құрайтын баяндауыштардың бір түрі болымсыз шартты райлы етістік – ба, бе болып құралады: алмасам ба! Шартты рай тұлғалы етістіктен жасалған баяндауыш тілекті, арманды эмоциямен білдіру үшін жұмсалады: Оқуды бітірсек! Ауызекі сөйлеу тілінде бір сөздің қайталануынан құралған алмақ түгіл аламын тәрізді баяндауыштар жұмсалады. Түсіндірмек түгіл түсіндіремін!» [5, 73-78] дей келе, лепті сөйлемдерді бірнеше жасалу жолдарын атап өтеді. Бұл пікірлер де А.Байтұрсыновтың тұжырымымен сәйкес келеді деп айтуға болады.

Лепті сөйлемдер кісінің таңырқау, таңдану, қайғыру, аяу, арман ету сияқты көңіл күйін, сезімін білдіру үшін көбінесе көркем әдебиетте жұмсалады. Лепті сөйлемдер таңырқау, таңдану, қайғыру, қорқу, аяу, жаны ашу, арман ету, көксеу, өкіну мағыналарында қолданылатындығын басқа ғалымдар да қолдайды.

3.Тілекті сөйлем. Нәрсенің болғанын, істің істелгенін көңіл тілеген орында айтылатын сөйлем түрлері тілекті деп аталады. Балалар, оқуға бар, жатпа қарап! Көңіл тілегі түрлі айтылады: 1) бұйрық түрде, 2) өтініш түрде, 3) үгіт (ақыл) түрде, 4. Жай тілек (мұрат) түрде [1,160]. «Тілекті сөйлем» деген термин қазақ тілінде қолданыста жоқ. Оның пікіріне қарасақ, (бұл туралы жоғарыда айтылды) бұйрықты сөйлемге сәйкес келіп тұр. «Қазақ грамматикасындағы» пікірлерге, олардың жасалу жолдарына қарап бұйрықты сөйлемдердің А.Байтұрсынов айтқан көзқарастармен астасып жатқаны көрінеді. Мәселен, «Қазақ грамматикасында» «Етістіктің жалаң II, III жақ бұйрық рай тұлғасы арқылы жасалады Көп сөзді қайтең?» деп берілсе, А.Байтұрсынов «Бұрық түрдегісі: Келіндер, боз балалар, атты алындар! Жетектеп тоғайыма ап барындар! жабындар жабуына түкті

кілем, тазалап, жуып, тарап, баптаңыздар! Жеміне ең қалаулы сұлы алыңдар! Бұлақтың суымен әм суарыңдар! Ізіңмен үге кірмей, қайт балыққа! Ақсүйек етсін мені айт «балыққа! Көрінбей жоғал шапшаң, көзіме енді! Кет! Шық! Бар, Жүгір! Ұш!» деген мысал келтіреді. Осы мысалдар арқылы қазіргі тілімізде қарастырылып жүрген қатал бұйрықты: – Өшір үніңді! (Ө.Сәрсенбаев). Жоғал көзіме көрінбей! (С.Ерубаев). – Көрсетпе көз жасыңды! (М. Әуезов) тәрізді сөйлемдерді кездестіреміз. Бұл да ғалым идеясының сабақтастық тауып жатқандығы.

Ахмет Байтұрсынов тілекті сөйлем өтініш түрде айтылады дей келе, мынадай дәйек келтіреді: Өтініш түрдегісі: Даусыңды тым болмаса, бір шығаршы! Кезек бер бір азырақ сөзге тақсыр! Достарым, осындай бір іс етелік, Жастарды жетім қалған кісі етелік. Езгілер орманда да бар екенін Осындай сауап іспен көрсетелік! [1, 161]. «Бұйрықты өтініш ретінде білдіру үшін алсаңшы, алсаңызшы түрінде құралған етістіктер баяндауыш болып жұмсалады...» [7, 672] деген пікір дәл келіп тұр.

Үгіт (ақыл) түрдегісі: Балалар, оқуға бар жатпа қарап! Жуынып, киіңдер шапшаңырақ. Аяғын көріп, асын іш, Анасын көріп, қызын ал. Биік таудың төбесін көріп, түбіне барма. Жақсының атын есітіп, үйіне барма. Кісі ақылымен бай болғанша, Өз ақылыңмен жарлы бол... [1, 161] дегені қазіргі тіліміздегі өсиет, үндеу мәнді бұйрықты сөйлеммен астасып жатыр. – Темірді қызған кезде соқ. Жаманнан без, жақсыдан үлгі ал. Жолдастар, егіннен мол өнім алатын болыңдар!

Жай тілек түрдегісі: Қақ пендесі біздей, сірә, болмасын. Біздей болса, бұ дүниеге келмесін. Арманменен ішім шөлде өлмесін... деген мысалдан қазіргі қазақ тілінде III жақ бұйрық рай тұлғасы арқылы жасалған сөйлемдер сай келеді.

Бұйрықты сөйлемдердің де мазмұны біркелкі бола бермейді. Олардың әртүрлі болу себебі бұйрық қалай, қандай жағдайда, қандай мақсатпен айтылғанымен байланысты. Сонысына қарап бұйрықты сөйлемдердің интонациясы, баяндауыштарының құрамы, сөйлемде орналасу тәртібі әртүрлі болады. Мысалы: 1. Сабаққа бар! 2. Сабаққа баршы. 3. Сабаққа бара ғой! 4. Сабаққа баруың ғой. 5. Сабаққа барсаң болмас па еді. Бұл сөйлемдердің мағыналары біріне-бірі жақын, негізгі баяндауыш қызметіндегі сөз бәріне ортақ болғанмен, олардың мазмұны бірдей емес бірінші сөйлем – қатал бұйрықты, екінші – тілекті, үшінші – жалынышты төртінші өкіншті білдірсе, бесінші сөйлем оның үстіне наразылықты білдіреді. Ол сөйлемдердің осындай эмоциялық мағыналары баяндауыштардың құрамын түрлендіруден болып тұр. Мысалы, бұйрық қатал, солғын, тілек, өтініш, үндеу мәнде берілетінін байқауға болады.

4. Жай сөйлем. Сұраусыз, лепсіз, тілексіз айтылған сөйлемдердің бәрі жай сөйлем деліп аталады. Ат ерінді келеді, ер мұрынды келеді [1, 159]. «Жай сөйлем» деп ғалым хабарлы сөйлемді айтады. Осы пікірлердің әрі қарай жалғасын тауып жатқандығын қазақ ғалымдарының зерттеулерінен байқауға болады. Мәселен, С.Аманжолов: «Хабарлы сөйлем сөйлемнің баяндауышына қарай жіктеледі. Себебі – бастауыштың ең бірінші көрінісі баяндауыш. Хабарлы сөйлем 8 түрлі: 1. Қимыл хабарлы, 2. Сын хабарлы. 3. Сан хабарлы. 4. Мекен хабарлы. 5. Мақсат хабарлы. 6. Анықтама хабарлы. 7. Себеп хабарлы. 8. Тақырып хабарлы» [3, 168] деп бөліп қарастырады. Р.Әмір мен Ж.Әміровалар «Хабарды, информацияны баяндау үшін жұмсалатын конструкциялар хабарлы сөйлем деп аталатынын, бұл сөйлемдердің негізгі грамматикалық белгілеріне баяндауыштарының, негізінен, ашық рай формалы етістіктен жасалатынын, өзіне тән интонациясы болатынын» [5, 57] айтады.

Қорыта келгенде, қазақ тілі терминдерінің негізін салушы ғұлама ғалым А.Байтұрсыновтың жай сөйлемдерді айтылу мақсатына қарай топтастырғаны, ғылыми тұжырымдары қазіргі тіл білімінде сабақтастық табуға.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Алматы: Сардар, 2009. – 348 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.
4. Жақыпов Ж. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. – 158 б.
5. Әмір Р., Әмірова Ж. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.
6. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 492 б.
7. Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфиясы, 2002. – 784 б.
8. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана: Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 237 б.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ БАСТАҒАН АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘЛІПБИДІ ӨЗГЕРТУГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСІ**

*Тлегенов А.Д., г.ғ.м, тарих пәнінің мұғалімі  
Үштөбе ТМ (РО) КММ  
Қазақстан*

Латын алфавиті енгізілгенге дейін өзге түркі халықтары сияқты қазақ халқы да төрт-бес ғасыр бойы араб алфавитін қолданып келді. Сол кезде КСРО құрамындағы жиырмадан астам ұлттардың Х ғасырдан ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейінгі бай мұраларының көпшілігі осы жазу арқылы жазылды. Дегенмен араб жазуын халықтың бір бөлігі ғана, тек ескіше хат танитындар пайдалана алды және дәстүрлі араб алфавиті арнайы араб тіліне ғана шығарылғандықтан, оны түркі тілдеріне қолдану біршама қиындықтар туғызды. Осылайша ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастап қазақ оқығандары, оның ішінде Ы. Алтынсарин тәрізді ағартушылар қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды, не қолданып жүрген араб графикасын қазақ дыбыстарының ерекшелігіне сай жетілдіру мәселесін көтерді [1, 195].

Араб әліпбиі қазақ халқының рухани өміріне, мәдениетіне, зиялы қауымның қалыптасуына ықпал етті. Әліпби баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет етті. 1912 ж. А. Байтұрсынов араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуына алғаш реформа жасады [2, 678].

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының 20 ғ-дың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, ақын, публицист, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы... Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады... Ол – қазақ ғылыми тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынов әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ Білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), Түркітанушылардың бүкілодақтық 1-құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады [3. 72-75].

Байтұрсынов әліпбиі туралы Ж. Қ. Тойшыбекова: «1912 жылы А. Байтұрсынов қазақ тіліне қолайсыз таза араб әрпін спецификалық қазақ дыбыстарын білдіре алатын әріптермен алмастыру арқылы алфавит құрастырып, оны «Жаңа емле» деп атады [4. 195] деп жазады. Профессор Е. Д. Поливанов өзінің «Основные формы графической революции в турецких письменностях СССР» атты мақаласында А. Байтұрсыновтың араб графикасына енгізген реформасын «ғажап» деп бағалады [5. 322-323бб].